«ҮМЗ» АҚ-ның барлық дауыс беретін акцияларына иелік етуші Жалғыз акционердің 2025жылғы 8 қазандағы
№ 9/25 шешімімен
**БЕКІТІЛДІ**

# «Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамының Жалғыз акционері (Акционерлердің жалпы жиналысы) және онымен өзара іс-қимыл туралы қағида

Өскемен қ., 2025 жыл

## 1-бөлім. Жалпы қағидалар

1.1. Осы Қағида «Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – АҚ) Жалғыз акционерінің (осы Қағиданың 1.2-тармағымен көзделген жағдайларда АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының) мәртебесін, құзыретін айқындайды, АҚ Жалғыз акционерінің (Акционерлердің жалпы жиналысының) қарауына материалдарды дайындау процесін, АҚ Жалғыз акционерінің (Акционерлердің жалпы жиналысының) шешімдерін қабылдау және ресімдеу тәртібін, Акционерлердің жалпы жиналысында жүргізу және дауыс беру тәртібін, сондай-ақ АҚ Жалғыз акционермен/Акционерлердің жалпы жиналысымен өзара іс-қимыл жасау тәртібін регламенттейді.

1.2. «Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамының жоғары органы болып АҚ Жалғыз акционері (акционерлерге - артықшылықты акциялардың меншік иелеріне «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен АҚ басқару құқығы берілген жағдайларда Акционерлердің жалпы жиналысы) табылады.

1.3. Жай дауыс беретін акциялардың барлығы АҚ жалғыз акционері – «Қазатомөнеркәсіп «ҰАК» АҚ-ға тиесілі екенін ескере отырып, осы Қағиданың 5.1-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және АҚ Жарғысымен Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді АҚ Жалғыз акционері жеке-дара қабылдайды және бұл шешімдер артықшылықты акциялармен куәландырылған құқықтарға қысым жасамайтын және шектемейтін жағдайда жазбаша түрде ресімделуге тиіс.

1.4. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және АҚ Жарғысымен Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Қазатомөнеркәсіп «ҰАК» АҚ Жарғысына сәйкес осындай шешімдерді қабылдауға құқығы бар «Қазатомөнеркәсіп «ҰАК» АҚ органы қабылдайды.

1.5. АҚ Жалғыз акционерінің (Акционерлердің жалпы жиналысының) қарауына мәселелерді дайындау және шығару тәртібі, Акционерлердің жалпы жиналысында шақыру, өткізу, дауыс беру, АҚ Жалғыз акционерінің (Акционерлердің жалпы жиналысы) шешімдер қабылдау және ресімдеу тәртібі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, АҚ Жарғысымен, АҚ және «Қазатомөнеркәсіп «ҰАК» АҚ ішкі құжаттарымен айқындалады.

## 2-бөлім. Өзара әрекеттесу әдістері

2.1. АҚ-ның Жалғыз акционермен (Акционерлердің жалпы жиналысымен) өзара іс-қимылы этикалық қағидаттар мен іскерлік мінез-құлық нормаларының жиынтығына негізделеді.

2.2. «Қазатомөнеркәсіп «ҰАК» АҚ Жалғыз акционердің функцияларын іске асыру арқылы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында, АҚ

Жарғысында және осы Қағидада айқындалған тәртіппен АҚ Директорлар кеңесі арқылы АҚ-ны басқаруға қатысады.

2.3. «Қазатомөнеркәсіп «ҰАК» АҚ-ның жекелеген мәселелер бойынша ұстанымы АҚ-ның Директорлар Кеңесіндегі «Қазатомөнеркәсіп «ҰАК» АҚ өкілдері арқылы АҚ-ға жеткізілуі мүмкін.

2.4. Қаржы жылы аяқталғаннан кейін 5 (бес) ай ішінде АҚ-ның Жалғыз акционері АҚ-ның аудиттелген жылдық қаржы есептемесін бекітеді, өткен қаржы жылы үшін АҚ-ның таза табысын бөлу тәртібін және АҚ-ның 1 (бір) жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін айқындайды, акционерлердің АҚ-ның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселелерді қарайды.

Есепті кезеңде АҚ аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда, көрсетілген мерзім 3 (үш) айға дейін ұзартылған болып саналады.

АҚ жалғыз акционері шешімдер қабылдауы оның (АҚ жалғыз акционерінің) құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелерді қарауға құқығы бар. Директорлар кеңесінің Төрағасы АҚ жалғыз акционеріне Директорлар кеңесінің мүшелері мен АҚ-ның атқарушы органының сыйақы мөлшері мен құрамы туралы хабарлайды.

Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында қаралуы тиіс мәселелерді АҚ-ның барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін АҚ Жалғыз акционерінің қарауына шығару туралы шешімді АҚ Директорлар кеңесі қабылдауы мүмкін.

2.5. АҚ атқарушы органы мыналарды қамтамасыз етеді:

1) Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды дайындау және АҚ жалғыз акционерінің (Акционерлердің жалпы жиналысының) және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындау. Атқарушы органның АҚ жалғыз акционерінің (Акционерлердің жалпы жиналысының) күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды дайындауы АҚ жалғыз акционерінің (Акционерлердің жалпы жиналысының) қарауына шығарылған мәселе бойынша түсіндірме жазбаны және оған шешімнің жобасын, сондай-ақ өзге де қажетті материалдарды қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады;

2) АҚ органдарының шешімдерін орындау туралы есептерді АҚ органдарына ұсыну;

3) қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен ақпаратты ашу;

4) корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты АҚ акционерінің жазбаша сұрау салуы бойынша, оның сұрау салуында көрсетілген мерзім ішінде АҚ-дан өз сұрау салуына дәлелді жауап алуға тиіс жалғыз акционерді қоспағанда, АҚ-ға сұрау салу келіп түскен күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсыну;

5) АҚ қызметін қамтамасыз ету бойынша өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

2.6. АҚ таза табысын бөлу формализацияланған және ашық дивидендтік саясат негізінде дивидендтер нысанында жүзеге асырылады.

2.7. АҚ акционері корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратпен тікелей АҚ атқарушы органының орналасқан жері бойынша танысуға құқылы. Бұл ретте АҚ

акционерінің құжаттарды АҚ атқарушы органының орналасқан жерінен тысқары шығаруға құқығы жоқ және ақпаратты үшінші тұлғаларға жария еткені үшін жауапты болады.

АҚ жалғыз акционері өзінің (АҚ жалғыз акционерінің) атқарушы органының орналасқан жері бойынша оған ақпарат беруді сұратуға құқылы.

«Конфиденциалды», «Қызмет бабында пайдалану үшін» деген белгісі бар ақпаратты ашу Қазақстан Республикасының заңнамасында және АҚ-ның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

## 3-бөлім. АҚ жалғыз акционерінің (Акционерлердің жалпы жиналысының) құзыреті

3.1. АҚ жалғыз акционерінің (Акционерлердің жалпы жиналысының) құзыретіне Қазақстан Республикасының заңнамасында және АҚ Жарғысында көзделген мәселелер жатады.

3.2. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, шешім қабылдауы АҚ жалғыз акционерінің (акционерлердің жалпы жиналысының) айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, лауазымды адамдар мен АҚ қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

3.3. АҚ жалғыз акционері (Акционерлердің жалпы жиналысы) АҚ-ның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша АҚ-ның өзге органдарының кез келген шешімін жоюға құқылы.

## 4 бөлім. АҚ жалғыз акционерінің шешім қабылдау үшін материалдарды дайындау тәртібі

4.1. АҚ жалғыз акционерінің шешім қабылдау күні АҚ жалғыз акционерінің ішкі құжаттарымен белгіленген барлық қажетті корпоративтік рәсімдер мен мерзімдерді сақтау мүмкіндігін ескере отырып жоспарлануға тиіс.

4.2. Күн тәртібі мәселелері бойынша АҚ жалғыз акционерінің шешім қабылдау қажеттілігі туралы хабарлама («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқарма Төрағасының атына хат) қазақ және орыс тілдерінде ресімделіп, қағаз түрінде немесе электрондық нысанда жіберілуге тиіс.

4.3. Хабарламада:

1) АҚ атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;

2) АҚ жалғыз акционерінің шешім қабылдау бастамашысы туралы мәліметтер;

3) АҚ жалғыз акционерінің шешім қабылдауының қолайлы күні;

4) күн тәртібі (шешім қабылдау қажет мәселелердің тізбесі);

5) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша АҚ уәкілетті органы бекіткен, АҚ ішкі құжаттарында көзделген нысан бойынша түсіндірме жазба және шешім жобасы. Күн тәртібінде «әртүрлі», «өзге», «басқа» және оларға ұқсас тұжырымдарды қоса алғанда, кең түсінікті тұжырымдарды қолдануға тыйым салынады.

4.4. Сайлау мәселелері бойынша материалдар (АҚ Басқарма/Директорлар кеңесінің Төрағасы) ұсынылатын кандидаттар туралы мынадай ақпаратты қамтуы тиіс:

- осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес кандидаттың келісімі туралы өтініші;
- АҚ уәкілетті органы бекіткен, АҚ ішкі құжаттарында көзделген нысан бойынша кандидаттың түйіндемесі;
- осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес кандидаттың мүдделер қақтығысы туралы декларациясы;
- соттылығының жоқтығы туралы анықтама;
- кандидаттың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтері;
- табыс және мүлік туралы декларацияны қабылдау туралы анықтама (АҚ Басқарма Төрағасы сайланған жағдайда).

## 5-бөлім. Акционерлердің жалпы жиналысы

5.1. Акционерлердің жалпы жиналысы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда акционерлерге - артықшылықты акциялардың меншік иелеріне АҚ басқаруға қатысу құқығы берілген жағдайларда шақырылады.

Артықшылықты акция акционерге АҚ басқаруға қатысу құқығын береді, егер:

1) АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы шешімі артықшылықты акцияларды иеленуші акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін мәселені қарайды. Орналастырылған (сатып алынғандарын шегере отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі шектеу қоюға дауыс берген жағдайда ғана мұндай мәселе бойынша шешім қабылданды деп есептеледі.

Артықшылықты акцияларға иелік ететін акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін шешімдер қабылдау мәселелеріне мыналар жатады (туралы):

- артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтердің мөлшерін азайту не мөлшерін есептеу тәртібін өзгерту;
- артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу тәртібін өзгерту;
- артықшылықты акцияларды АҚ жай акцияларына айырбастау;
- артықшылықты акцияларды бөлшектеу;

2) АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы қоғам артықшылықты акцияларды ұйымдастырылмаған нарықта «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесіне (егер әдістеме Құрылтай жиналысында бекітілмеген болса, оны бекіту) өзгерістерді бекіту туралы мәселені қарайды»;

3) АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы АҚ қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы мәселені қарайды;

4) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабы 5-тармағының негіздері бойынша дивиденд есептелмеген жағдайларды қоспағанда, артықшылықты акция бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап үш ай ішінде толық мөлшерде төленбесе.

5.2. Акционерлердің жалпы жиналысын ұйымдастыру және өткізу тәртібі мынадай талаптарды қанағаттандыруға тиіс:

- барлық акционерлерге әділ және тең құқылы қарым-қатынас;
- барлық акционерлер үшін жалпы жиналысқа қатысудың қолжетімділігі;
- барынша ұйымдастырушылық және есептік ақпаратты ұсыну;
- Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің қарапайымдылығы мен ашықтығы.

5.3. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.

5.4. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында:

1) АҚ аудиттелген жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі;

2) өткен қаржы жылындағы АҚ таза табысын бөлу тәртібі және АҚ-ның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері айқындалады;

3) акционерлердің АҚ және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қаралады.

Директорлар кеңесінің төрағасы АҚ акционерлеріне директорлар кеңесінің мүшелері мен АҚ атқарушы органының сыйақы мөлшері мен құрамы туралы хабарлайды.

5.5. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы АҚ Жарғысының 44-тармағына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелерді қарауға құқылы.

5.6. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде өткізілуге тиіс. Есепті кезеңде АҚ аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда, көрсетілген мерзім үш айға дейін ұзартылған болып саналады.

5.7. Акционерлердің өзге жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

## 6-бөлім. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі

6.1. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын АҚ Директорлар кеңесі шақырады.

6.2. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің немесе АҚ ірі акционерінің бастамасы бойынша шақырылады. АҚ ерікті тарату процесінде болған жағдайда, кезектен тыс жалпы жиналысты АҚ тарату комиссиясы шақыруы, дайындауы және өткізуі мүмкін.

6.3. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындау және өткізуді:

1) атқарушы орган;

2) АҚ-мен жасалған шартқа сәйкес орталық депозитарий;

3) Директорлар кеңесі;

4) АҚ тарату комиссиясы іске асырады.

6.4. Ірі акционердің акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талабы Директорлар кеңесіне АҚ атқарушы органының орналасқан жері бойынша тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады, онда осындай Жиналыстың күн тәртібі болуға тиіс.

АҚ Директорлар кеңесі ірі акционердің талабы бойынша шақырылған акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелердің

тұжырымдамасына өзгерістер енгізуге және ұсынылған өткізу тәртібін өзгертуге құқығы жоқ.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы қойылған талапқа сәйкес шақырылған кезде директорлар кеңесі жалпы жиналыстың күн тәртібін өз қалауы бойынша кез келген мәселелермен толықтыруға құқылы.

6.5. Директорлар кеңесі аталған талапты алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде шешім қабылдауға және осындай шешім қабылданған кезден бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей осы талапты қойған адамға акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы қабылданған шешім туралы хабар жіберуге міндетті.

**7-бөлім. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы ақпарат**

7.1. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін Орталық депозитарий АҚ акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесінің деректері негізінде жасайды. Көрсетілген тізімді жасау күні жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылданған күннен бұрын белгіленуі мүмкін емес.

7.2. Егер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімі жасалғаннан кейін осы тізімге енгізілген тұлға өзіне тиесілі АҚ-ның дауыс беретін акцияларын иеліктен шығарса, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге ауысады. Бұл ретте акцияларға меншік құқығын растайтын құжаттар ұсынылуы тиіс.

7.3. Барлық акционерлердің Акционерлердің жалпы жиналысының жұмысына қатысатын адамдардың тізімімен танысу мүмкіндігі болуға тиіс.

7.4. АҚ акционерлеріне акционерлердің алдағы жалпы жиналысы өткізілетіні туралы жиналыс өткізілетін күннен кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын, ал сырттай немесе аралас дауыс беру кезінде бір немесе одан да көп акционерлерге хабарлау үшін пошта байланысы құралдары пайдаланылатын жағдайда - жиналыс өткізілетін күннен кемінде қырық бес күнтізбелік күн бұрын хабарланады. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялануға не акционерлерге жіберілуге тиіс.

7.5. АҚ Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламаны басқа бұқаралық ақпарат құралдары (радио, теледидар және т.б.) арқылы қосымша таратуға құқылы.

7.6. Шешімдері көзбе-көз немесе аралас дауыс беру арқылы қабылданатын АҚ акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада мыналар болуға тиіс:

1) АҚ атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;

2) АҚ акционерлерінің жалпы жиналысын шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;

3) АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының өткізілетін күні, уақыты және орны, жиналысқа қатысушыларды тіркеудің басталатын уақыты, сондай-ақ егер бірінші жиналыс өткізілмесе, өткізілуі тиіс АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының қайта өткізілетін күні мен уақыты белгіленеді;

4) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күн;

5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) АҚ акционерлерін Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдармен таныстыру тәртібі;

7) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі;

8) сырттай дауыс беруді өткізу тәртібі;

9) Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормалары, оларға сәйкес АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы өткізіледі.

7.7. Аралас дауыс беру кезінде АҚ акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада осы Қағиданың 6.6-тармағында көзделген ақпаратқа қосымша бюллетеньдерді берудің соңғы күні көрсетіледі.

7.8. Шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын АҚ акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада мыналар болуы тиіс:

1) АҚ атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;

2) АҚ акционерлерінің жалпы жиналысын шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;

3) АҚ акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күн;

4) сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу үшін бюллетеньдерді берудің басталған және аяқталған күні;

5) сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу күні;

6) АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібі;

7) АҚ акционерлерін Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдармен таныстыру тәртібі;

8) дауыс беруді өткізу тәртібі;

9) Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормалары, оларға сәйкес АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы өткізіледі.

7.9. Миноритарлық акционер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде басқа акционерлермен бірігу мақсатында орталық депозитарийге өтініш жасауға құқылы.

7.10. Акционерлердің қайталама жалпы жиналысы акционерлердің бастапқы (өткізілмеген) жалпы жиналысы белгіленген күннен кейінгі келесі күннен ерте тағайындалмайды және бұрын жарияланған жерде сол күн тәртібімен өткізіледі.

## 8-бөлім. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі

8.1. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі қалыптастырады, онда талқылауға шығарылатын нақты тұжырымдалған мәселелердің толық тізбесі болуға тиіс.

8.2. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысының күн тәртібіне дербес немесе басқа акционерлермен жиынтығында АҚ-ның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер немесе директорлар Кеңесі ұсынған толықтырулар, АҚ акционерлеріне мұндай толықтырулар туралы жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін он бес күннен кешіктірмей хабарланған жағдайда енгізілуі мүмкін.

8.3. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысының күн тәртібіне, егер оларды енгізуге Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын және жиынтығында АҚ-ның дауыс беретін акцияларының кемінде тоқсан бес пайызын иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі дауыс берсе, өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

8.4. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналыста ұсынылған АҚ дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырылады.

8.5. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысының күн тәртібі, егер орналастырылған (сатып алынғандарын шегере отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі енгізілуіне дауыс берсе, ол бойынша шешім артықшылықты акцияларды иеленуші акционерлердің құқықтарын шектеуі мүмкін деген мәселемен толықтырылуы мүмкін. Акционерлердің жалпы жиналысы сырттай және (немесе) аралас дауыс беру арқылы шешім қабылдаған кезде Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

8.6. Акционерлердің жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы емес.

8.7. Күн тәртібінде, «әр түрлі», «өзге», «басқалар» деген сөздерді қоса алғанда, жалпылама ұғымдағы тұжырымдамаларды және соларға ұқсас тұжырымдамаларды пайдалануға тыйым салынады.

## 9-бөлім. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар

9.1. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарда осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемде ақпарат болуға тиіс.

9.2. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар акционерлердің танысуы үшін АҚ атқарушы органының орналасқан жері бойынша жиналыс өткізілетін күннен кемінде он күн бұрын дайын және қол жетімді болуға тиіс, ал акционердің сұрау салуы болған кезде - сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оған жіберілуге тиіс; егер жарғыда өзгеше көзделмесе, құжаттардың көшірмелерін жасау және құжаттарды жеткізу шығыстарын акционер көтереді.

9.3. Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілгенге дейін акционерлерге ұсынылатын ақпарат пен материалдар, сондай-ақ оны беру тәртібі талқылауға шығарылатын нақты тұжырымдалған мәселелердің толық тізбесімен талқыланатын мәселелердің мәні туралы барынша толық ұсынуды қамтамасыз етуге тиіс.

9.4. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындау кезінде таратылатын ақпараттық материалдар күн тәртібіне қатысты жүйелендірілуге тиіс.

## 10-бөлім. Акционерлердің жалпы жиналысының кворумы

10.1. Егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде (барлық бюллетеньдер берілген күні не сырттай дауыс беру арқылы Акционерлердің жалпы

жиналысын өткізу кезінде бюллетеньдерді беру мерзімі аяқталған күні) оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, жиынтығында АҚ дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер (акционерлердің өкілдері) тіркелген болса, Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

10.2. Өткізілмей қалғанның орнына қайта өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселелерін қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы, егер:

1) кворумның болмауы себепті акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған болса;

2) тіркеу аяқталған кезде оған қатысу үшін жиынтығында АҚ дауыс беретін акцияларының қырық және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер (немесе олардың өкілдері), оның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелген.

10.3. Акционерлерге сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер жіберілген жағдайда, көрсетілген бюллетеньдермен ұсынылған және АҚ жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеу кезінде алған дауыстар кворумды айқындау және дауыс беру қорытындыларын шығару кезінде ескеріледі.

Акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде кворум болмаған жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысы қайталап өткізілмейді.

## 11-бөлім. Есеп комиссиясы

11.1. Есеп комиссиясы АҚ акционерлерінің жалпы жиналысында үш адамнан сайланады. Есеп комиссиясына АҚ алқалы органдарының мүшелері, сондай-ақ АҚ атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға кіре алмайды.

11.2. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша есеп комиссиясының функциялары орталық депозитарийге жүктелуі мүмкін.

11.3. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу кезінде есеп комиссиясының мүшесі болмаған жағдайда, жиналыс өткізілетін уақытқа есеп комиссиясының мүшесін қосымша сайлауға рұқсат етіледі.

11.4. Есеп комиссиясы:

1) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу үшін келген адамдардың өкілеттіктерін тексереді;

2) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркейді және оларға Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар береді;

3) сырттай дауыс беру үшін алынған бюллетеньдердің жарамдылығын айқындайды және күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша жарамды бюллетеньдердің санын және оларда көрсетілген дауыстарды санайды;

4) Акционерлердің жалпы жиналысы кворумының, оның ішінде жиналыс өткізілетін бүкіл уақыт ішінде болуын айқындайды және кворумның болуы немесе болмауы туралы хабарлайды;

5) Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің құқықтарын іске асыру мәселелерін түсіндіреді;

6) Акционерлердің жалпы жиналысында қаралған мәселелер бойынша дауыстарды санайды және дауыс берудің қорытындыларын шығарады;

7) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасайды;

8) дауыс беруге арналған бюллетеньдер мен дауыс беру қорытындылары туралы хаттаманы АҚ мұрағатына береді.

11.5. Есеп комиссиясы Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге арналған толтырылған бюллетеньдердегі ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

## 12-бөлім. Акционерлердің жалпы жиналысында өкілдік ету. Акционерлердің жалпы жиналысын қатысу тәртібімен өткізу тәртібі

12.1. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі барлық акционерлерге акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқықтарын іске асырудың тең мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

12.2. Акционер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша жеке өзі немесе өзінің өкілі арқылы дауыс беруге құқылы.

АҚ атқарушы органы мүшелерінің Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ. Осындай өкілдік Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша дауыс беру туралы нақты нұсқаулары бар сенімхатқа негізделген жағдайларды қоспағанда, АҚ қызметкерлерінің Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ.

Акционердің өкілі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген сенімхат негізінде әрекет етеді. Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүддесін білдіруге құқығы бар тұлға үшін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.

12.3. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (акционерлердің өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өзінің өкілеттігін растайтын сенімхатты көрсетуге тиіс.

12.4. Тіркеуден өтпеген Акционер (акционердің өкілі) кворумды айқындау кезінде ескерілмейді және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

12.5. Артықшылықты акциялардың меншік иесі болып табылатын АҚ акционері акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысына қатысуға және онда қаралатын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы.

12.6. Акционерлердің жалпы жиналысы жарияланған уақытта кворумы болған жағдайда ашылады. Акционерлердің жалпы жиналысы төрағаны (президиумды) және Жалпы жиналыстың хатшысын таңдайды, сондай-ақ дауыс беру үлгісін анықтайды – ашық немесе құпия (бюллетень бойынша) түрінде.

12.7. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасы қаралып отырған мәселе бойынша жарыссөзді тоқтату туралы, сондай-ақ ол бойынша дауыс беру тәсілін өзгерту туралы ұсынысты дауысқа салуға құқылы

12.8. Төрағаның күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға қатысуға құқығы бар адамдардың сөз сөйлеуіне, мұндай сөздер Акционерлердің жалпы жиналысының регламентін бұзуға әкеп соғатын немесе осы мәселе бойынша жарыссөз тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, кедергі жасауға құқығы жоқ.

12.9. Төраға акционерлердің сұрақтарға тікелей отырыс барысында жауап алуына ұмтылуы тиіс. Егер сұрақтардың күрделілігі оларға дереу жауап беруге мүмкіндік бермесе, сұрақ қойылған тұлға (тұлғалар) қойылған сұрақтарға Акционерлердің жалпы жиналысы аяқталғаннан кейін қысқа мерзімде жазбаша жауап береді.

12.10. Акционерлердің жалпы жиналысы өз жұмысындағы үзіліс туралы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, оның ішінде Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі жекелеген мәселелерді қарауды келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

12.11. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің барлық мәселелері қаралғаннан және олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялануы мүмкін.

12.12. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен анықтығы үшін жауап береді.

## 13-бөлім. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі. Акционерлердің жалпы жиналысының сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдау тәртібі

13.1. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру мынадай жағдайларды қоспағанда, «бір акция – бір дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген жағдайларда бір акционерге ұсынылатын акциялар бойынша максималды дауыстар санын шектеу;

2) Директорлар кеңесі мүшелерін таңдау кезінде кумулятивті дауыс беру;

3) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әрбір адамға Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыстан беру арқылы жүзеге асырылады.

13.2. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беру арқылы және көзбе-көз тәртіпте жасырын тәсілмен де қабылдануы мүмкін.

13.3. Сырттай дауыс кезінде дауыс беруге арналған біріңғай үлгідегі бюллетеньдер акционерлер тізіміне енгізілген адамдарға таратылады (таратып беріледі) дауыс беруге арналған бюллетеньдер акционерлер тізіміне енгізілген адамдарға бағытталуы тиіс:

- Пошта байланысын пайдаланған кезде - Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күнінен қырық бес күнтізбелік күннен кешіктірмей;

- Хабарлама электрондық тәсілмен жіберілген немесе ол қаржылық есептілік депозитарийінің интернет - ресурсында орналастырылған кезде – Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей жіберілуге тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмей сырттай дауыс беру кезінде, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңында көзделген жағдайларда, АҚ Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламамен бірге қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жариялайды.

13.4. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень мыналарды қамтуы тиіс:

1) АҚ атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жері;

2) жиналысты шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;

3) Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді ұсынудың накты күні

4) Акционерлердің жалпы жиналысын жабу күні;

5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) егер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сайлауға ұсынылатын кандидаттардың есімдері;

7) дауыс беру жүргізілетін мәселелерді тұжырымдау;

8) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша «жақтайды», «қарсы», «қалыс қалды» деген сөздермен білдірілген дауыс беру нұсқалары;

9) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібін түсіндіру.

13.5. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге жеке тұлға – акционер (жеке тұлға – акционердің өкілі) осы адамның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсете отырып қол қоюға тиіс.

Акционердің – заңды тұлғаның сырттай дауыс беруге арналған бюллетенге оның басшысы қол қоюы тиіс (акционердің – заңды тұлғаның өкілі).

Акционердің өкілі сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге қол қойған жағдайда, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге акционер өкілінің өкілеттігін растайтын сенімхаттың немесе өзге де құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

Жеке тұлға-акционердің не заңды тұлға – акционер басшысының немесе жеке тұлға – акционер өкілінің не заңды тұлға – акционер өкілінің қолы қойылмаған бюллетень жарамсыз деп есептеледі.

13.6. Дауыстарды санау кезінде акционер (акционердің өкілі) бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасын белгілеген мәселелер бойынша дауыстар ескеріледі.

Егер Акционерлердің жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы өткізілген кезде тиісті түрде толтырылған бюллетеньдер барлық акционерлерден дауыстарды санау белгіленген күннен бұрын келіп түссе, онда дауыстарды неғұрлым ертерек күнмен санауға жол беріледі, бұл дауыс беру қорытындылары туралы хаттамада көрсетіледі.

13.7. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысында дауыс беру жасырын тәсілмен жүзеге асырылған жағдайда, мұндай дауыс беруге арналған бюллетеньдер дауыс беру жасырын тәсілмен жүзеге асырылатын әрбір жекелеген мәселе бойынша жасалады. Бұл ретте жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньде мыналар болуға тиіс:

1) мәселенің тұжырымы немесе жиналыстың күн тәртібіндегі оның реттік нөмірі;

2) мәселе бойынша «жақтайды», «қарсы», «қалыс қалды» деген сөздермен білдірілген дауыс беру нұсқалары немесе АҚ органдарына әрбір кандидат бойынша дауыс беру нұсқалары;

3) акционерге тиесілі дауыстар саны.

13.8. Акционер бюллетеньге өзі қол қоюға, оның ішінде «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы АҚ-қа талап қою мақсатында тілек білдірген жағдайды қоспағанда, қатысып жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньге акционер қол қоймайды.

13.9. Қатысып жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдер бойынша дауыстарды санау кезінде дауыс берушілердің бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібі сақталған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасы қалдырылған мәселелер бойынша дауыстары ескеріледі.

13.10. Дауыс беру қорытындылары бойынша есеп комиссиясы дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасайды және оған қол қояды, ол Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қоса тіркелуге тиіс. Акционердің дауыс беруге шығарылған мәселе бойынша ерекше пікірі болған жағдайда АҚ-ның Есеп комиссиясы хаттамаға тиісті жазба енгізуге міндетті.

Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасалып, оған қол қойылғаннан кейін қатысып жасырын және сырттай дауыс беру үшін толтырылған (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер де), соның негізінде хаттама жасалған бюллетеньдер хаттамамен бірге тігіледі және АҚ-да сақталады.

13.11. Дауыс беру қорытындылары акционерлердің дауыс беру өткізілген жалпы жиналысында жария етіледі.

13.12. Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері оларды қазақ және орыс тілдерінде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жариялау арқылы акционерлердің назарына алынады және қоғамның жарғысында айқындалған тәртіппен (мұндай тәртіп болған кезде) акционерлердің жалпы жиналысы жабылған күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде жеткізіледі.

## 14-бөлім. Акционерлердің жалпы жиналысы шешімін рәсімдеу тәртібі

14.1. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылуға тиіс.

Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысының хаттамасына қол қойылуға жатады:

1) акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқа мүшелері) және хатшысы;

2) есеп комиссиясының мүшелері (бар болса)

Сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына есеп комиссиясының мүшелері (егер есеп комиссиясын сайлау талап етілмеген жағдайда - Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы) қол қоюға тиіс.

Осы тармақтың екінші бөлімінің және үшінші бөлімінің 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген адамның біреуі хаттаманың мазмұнына келіспесе, ол адам бас тарту себептерін жазбаша түсіндіре отырып оған қол қоюдан бас тартуға құқылы, бұл хаттамаға қоса тіркелуге тиіс.

14.2. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетіледі:

1) АҚ атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жері;

2) Акционерлердің жалпы жиналысының өткізілетін күні, уақыты мен орны;

3) Акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылатын АҚ дауыс беруші акцияларының саны туралы мәлімет;

4) Акционерлердің жалпы жиналысының кворумы;

5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

6) Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру тәртібі;

7) Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (президиум) мен хатшысы;

8) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын адамдардың шығып сөйлеуі;

9) Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беруге қойылған күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша акционерлердің жалпы дауыс саны;

10) дауыс беруге қойылған сұрақтар, сол бойынша дауыс беру қорытындылары

11) Акционерлердің жалпы жиналысында қабылданған шешімдер.

Акционерлердің жалпы жиналысында АҚ Директорлар Кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе қаралған жағдайда Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында Директорлар кеңесінің сайланған мүшесі қандай акционердің өкілі болып табылатыны және (немесе) Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор болып табылатыны көрсетіледі.

14.3. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, Жалпы жиналысқа қатысу және дауыс беру құқығына берілген сенімхаттармен, сондай-ақ хаттамаға қол қоюмен және хаттамаға қол қоюдан бас тарту себептерінің жазбаша түсініктемелерімен бірге тігіледі. Көрсетілген құжаттар атқарушы органда сақталуға және танысу үшін акционерлерге кез келген уақытта берілуге тиіс. Акционердің талабы бойынша оған Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасының көшірмесі беріледі.

## 15-бөлім Қағидаға өзгерістер енгізу және бекіту рәсімі

15.1. Осы Қағида АҚ-ның барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін Жалғыз акционердің шешімімен бекітіледі.

15.2. Қағида Қазақстан Республикасының заңнамасында және АҚ Жарғысында көзделген тәртіппен АҚ барлық дауыс беретін акцияларына иелік

ететін АҚ жалғыз акционерінің шешімі негізінде толықтырылуы және өзгертілуі мүмкін.

15.3. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасын өзгерту нәтижесінде осы Қағиданың жекелеген баптары оларға қайшы келетін болса, бұл баптар күшін жояды және осы Қағидаға өзгерістер енгізілген сәтке дейін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алу қажет.

Ауд. Кожикенова

1 Қосымша
Кандидаттың келісімі туралы өтініш нысаны

**«ҮМЗ» АҚ барлық дауыс беретін акцияларына иелік ететін жалғыз акционер,**
**«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ**
**Басқарма Төрағасы атынан**
**________________________________**
**__________________________**
**(лауазымы, ұйымы)**
**____________________________**
**__________________________**
**(Т.А.Ә.)**
**ЖСН ___________________________**

ӨТІНІШ

Мен «Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы/Директорлар кеңесінің мүшесі болып ____________________мерзімге сайлануыма келісемін.

________________ ____________________
(қолы) (Т.А.Ә.)

_______________
(күні)

2 қосымша

Мүдделер қақтығысы туралы декларацияның нысаны

**Мүдделер қақтығысы туралы декларация**

__________________________________________________________________

(декларанттың жұмыс берушісінің лауазымы, тегі және аты-жөні)

__________________________________________________________________

(декларанттың тегі, аты, әкесінің аты және лауазымы)

__________________________________________________________________

(ұйым, кәсіпорын)

__________________________________________________________________

«__» ________ 202_ ж.
(толтырылған күні)

Бұл құжат қонфиденциалды болып табылады және тек «ҮМЗ» АҚ және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-да қолданылады. Декларацияда берілген ақпарат сыртқы тарапқа жария етілмейді.

Декларант төмендегі сұрақтармен мұқият танысып, олардың әрқайсысына «Иә» немесе «Жоқ» деп жауап беруі керек. Бұл ретте, «Иә» жауабы мүдделер қақтығысының болуын міндетті түрде растамайтынын, бірақ жеке талқылау мен реттеуді қажет ететін аспектілерді көрсететінін ескерген жөн.

Егер ІНҚ өзгеше белгіленбесе, декларацияның қолданылу мерзімі декларация берілген күннен бастап 1 жылды құрайды.

Декларант әр парақты өз қолымен толтырады және қол қояды.

Өтініш

Осы декларацияны толтырар алдында мен мыналармен таныстым:

- ✓ «ҮМЗ» АҚ корпоративтік этика және комплаенс кодексі;
- ✓ Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі «ҮМЗ» АҚ саясаты;
- ✓ «ҮМЗ» АҚ корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі қағида.

__________________________________ / __________________________________

__________________________________________________________________

(декларанттың қолы, тегі және аты-жөні)

«___» _______ 202_ ж.

| № | Сұрақтар | Иә | Жоқ |
|---|---|---|---|
| | Сізге немесе Сіздің жақын туыстарыңызға, жұбайыңызға (зайыбыңызға), жекжаттарыңызға тиесілі заңды тұлғаларды тізімдеуді, Сіз немесе Сіздің жақын туыстарыңыз, жұбайыңыз (зайыбыңыз), жекжаттарыңыз дара кәсіпкер ретінде қызметті жүзеге асырасыз ба, соны көрсетуді сұраймыз:<br>1. …<br>2. | | |

| № | Сұрақтар | Иә | Жоқ |
|---|---|---|---|
| | Жақын туыстарыңызды, жұбайыңызды (зайыбыңызды), жекжаттарыңызды (ТАӘ, туған күні, ЖСН – бар болса) тізімдеуді, сондай-ақ олардың ішінде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ЕТҰ-да (лауазымы, бөлімшесі, ЕТҰ) жұмыс істейтіндерін көрсетуді сұраймыз:<br>1. …..<br>2. | | |
| | Жұмыс істейтін жұмыскерлер үшін: жақын туыстарыңыздың, жұбайыңыздың (зайыбыңыз), жекжаттарыңыздың сіздің қарамағыңызда (тікелей/жанама) не сіздің басшыларыңыз болып табылады ма, сондай-ақ Сіз және Сіздің жақын туыстарыңыз, жұбайыңыз (зайыбыңыз), жекжаттарыңыз бір өндірістік процеске қатысасыздар ма, соны көрсетіңіз:<br>1. …..<br>2. | | |
| **Сыртқы мүдделер және активтер** | | | |
| **1.** | **Сіз немесе Сіздің мүдделеріңізді білдіретін тұлғалар тікелей меншік иесі, бенефициар немесе акционер болып табыласыз ба, не басқа қаржылық қызығушылыққа иелік етесіз бе:** | | |
| 1.1. | «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ /«ҮМЗ» АҚ активтерінде? | | |
| 1.2. | «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ / /«ҮМЗ» АҚ-ның іскерлік серіктесі болып табылатын басқа ұйымда (контрагент, мердігер, өнім беруші және т. б.)? | | |
| 1.3. | «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ / «ҮМЗ» АҚ іскерлік серіктесі болуды жоспарлап не іс-қимыл жасап отырған немесе онымен келіссөздер жүргізіп отырған ұйымда? | | |
| 1.4. | Мүдделері мен қызмет саласы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ / «ҮМЗ» АҚ мақсаттарына, мүдделеріне және қызмет саласына ұқсас басқа тұлғалардың (заңды немесе жеке) қызметінде? | | |
| 1.5. | «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ / «ҮМЗ» АҚ-мен сот немесе өзге де талқылауда сөйлеуші тарап ретінде әрекет ететін ұйымда?<br>Оң жауап болған жағдайда, бұл туралы құзыретіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кіретін ұйымның өкілі Сізді хабардар етті ме?, соны көрсетіңіз | | |
| 1.6 | Оң жауап болған жағдайда, бұл туралы құзыретіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кіретін ұйымның өкілдері бұл туралы хабардар етілген бе?, соны көрсетіңіз | | |
| **2.** | **Сіз және/немесе сіздің жақын туыстарыңыз, жұбайыңыз (зайыбыңыз), жекжаттарыңыз және/немесе сіздің мүдделеріңізді білдіретін тұлғалар басқару органдарының (Директорлар кеңесінің, Байқау кеңесінің) мүшелері немесе атқарушы басшылары (директорлар, директорлардың орынбасарлары т.б.), сондай-ақ жұмыскерлері, кеңесшілері, өкілдері немесе өзге де үлестес тұлғалары болып табыласыз ба:** | | |
| 2.1. | «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ / «ҮМЗ» АҚ? | | |
| 2.2. | «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ / «ҮМЗ» АҚ іскерлік серіктесі немесе оның ЕТҰ (контрагент, мердігер, өнім беруші және т. б.) болып табылатын ұйымда? | | |
| 2.3. | «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ /«ҮМЗ» АҚ немесе оның ЕТҰ іскерлік серіктесі болуға әрекет ететін не жоспарлайтын немесе онымен келіссөздер жүргізетін, оның ішінде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ/ «ҮМЗ» АҚ немесе оның ЕТҰ үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуді сатып алу /сату рәсіміне қатысатын | | |

| № | Сұрақтар | Иә | Жоқ |
|---|---|---|---|
| | ұйымда? | | |
| 2.4 | «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ / «ҮМЗ» АҚ немесе оның ЕТҰ (кез келген заңды немесе жеке тұлғалар) бәсекелестерінің қызметінде? | | |
| 2-сұраққа ескерту<br>Егер сіз «Иә» деп жауап берсеңіз, нақтылауды сұраймыз:<br>- Егер жауап сізге қатысты болса: ұйымның атауын және басқа ұйымда атқаратын лауазымыңызды көрсетіңіз.<br>- Егер сіздің өкіліңізге қатысты болса, онда өкілдің деректерін көрсетіңіз: Т.А.Ә., ұйымы, лауазымы, құрылымдық бөлімшесі, сіздің өкілеттіктеріңізді ұсынатын құжаттың деректемелері. | | | |
| **Жеке мүдделер және бизнесті адал жүргізу** | | | |
| 3. | Сіз «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ/ «ҮМЗ» АҚ немесе оның ЕТҰ атынан (шешім қабылдайтын, Шарт талаптарын орындауға жауапты, жұмыстарды немесе қызметтерді қабылдайтын, орындалған жұмыстардың актісіне және т.б. қол қоятын/бұрыштама қоятын тұлға ретінде) қандай да бір коммерциялық мәмілеге, онда Сіз, Сіздің жақын туыстарыңыз, жұбайыңыз (зайыбыңыз), жекжаттарыңыз жеке қызығушылыққа ие болған қатыстыңыз ба? | | |
| Егер сіз «Иә» деп жауап берсеңіз, нақтылауды сұраймыз: | | | |
| 4. | Сіз «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның іскерлік серіктесіне және оның ЕТҰ онда Сіз, Сіздің жақын туыстарыңыз, жұбайыңыз (зайыбыңыз), жекжаттарыңыз, сондай-ақ сіздің мүдделеріңізді білдіретін тұлғалардың жеке мүддесі болған кезде, жәрдем көрсеттіңіз бе? | | |
| Егер сіз «Иә» деп жауап берсеңіз, нақтылауды сұраймыз: | | | |
| 5. | Сіз «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ / «ҮМЗ» АҚ немесе оның ЕТҰ-ның, бұл ретте «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ немесе оның ЕТҰ нарықтық жағдайларды объективті бағалау кезінде көрсеткен қызметтері үшін контрагенттің сыйақы мөлшері іс жүзінде алынған қызметтері үшін тиесілі негізделген сыйақыдан асып кеткен немесе «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның коммерциялық мәмілесіне заңсыз немесе этикалық емес түрде әсер етуші ретінде басқаша түсіндірілген төлемдеріне санкция бердіңіз бе? | | |
| Егер сіз «Иә» деп жауап берсеңіз, нақтылауды сұраймыз: | | | |
| **Жұмыскерлердің тең құқықтары** | | | |
| 6. | «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ / «ҮМЗ» АҚ немесе оның ЕТҰ-да Сіздің жұмысыңыздың тиімділігін бағалауға ықпалы бар лауазымдарда, Сіздің жақын туыстарыңыз немесе оларға теңестірілген адамдар, мысалы, ата-анаңыз, жұбайыңыз (зайыбыңыз), балаларыңыз, ата-аналарыңыз бір және ата-аналарыңыз бөлек ағаларың, әпкелерің, сондай-ақ жұбайыңыздың ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалары, әпкелері, ата-аналары, балалары, ерлі-зайыптылардың балалары және балалардың жұбайлары жұмыс істей ме? | | |
| Егер сіз «Иә» деп жауап берсеңіз, нақтылауды сұраймыз: | | | |
| 7. | Сіздің қол астыңызда «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ / «ҮМЗ» АҚ-да және оның ЕТҰ-да Сіздің жақын туыстарыңыз немесе оларға теңестірілген адамдар, мысалы, ата-анаңыз, жұбайыңыз (зайыбыңыз), балаларыңыз, ата-аналарыңыз бір және ата-аналарыңыз бөлек ағаларың, әпкелерің, сондай-ақ жұбайыңыздың ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалары, әпкелері, ата-аналары, балалары, ерлі-зайыптылардың балалары және балалардың жұбайлары жұмыс істей ме? | | |

| № | Сұрақтар | Иә | Жоқ |
|---|---|---|---|
| Егер сіз «Иә» деп жауап берсеңіз, нақтылауды сұраймыз: | | | |
| 8. | Сіз «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ға жұмысқа жақын туыстарыңызды, жұбайыңызды (зайыбыңызды), жекжаттарыңызды жоғары тұрған лауазымға тағайындауға ықпал еттіңіз бе? | | |
| Егер сіз «Иә» деп жауап берсеңіз, нақтылауды сұраймыз: | | | |
| **Другие вопросы** | | | |
| 9. | Сізге жоғарыда сипатталмаған және мүдделер қақтығысына әкелетін немесе әкелуі мүмкін немесе Сіздің әріптестеріңіз бен басшыларыңыздың әсерін тудыратын, шешім қабылдаған кезде сіз мүдделер қақтығысы жағдайында болатын басқа жағдайлар немесе мән-жайлар мәлім бе? | | |
| Егер сіз «Иә» деп жауап берсеңіз, нақтылауды сұраймыз: | | | |

ӨТІНІШ

1. Осымен мен жоғарыда аталған барлық сұрақтарды оқығанымды және түсінгенімді растаймын және менің оларға жауаптарым, сондай-ақ кез келген түсіндірме ақпарат толық, шынайы және расталған болып табылады.

2. Осымен мен «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ға, «ҮМЗ» АҚ-ға осы декларацияда көрсетілген менің дербес деректерімді өңдеуге келісім беремін.

(декларанттың қолы, тегі және аты-жөні)

"___" ______ 202_ ж.